

К.Ж.Атыманова¹, А.Ш. Стыбаева², Г.Онланбекқызы², Қ.Ө.Теміров³

¹С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., 070000, Қазақстан Республикасы,

²ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы

Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: kuanysh_lion@mail.ru

ДИВЕРГЕНТТІ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Андатпа

Мақалада дивергентті тапсырмаларды қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауын дамыту мәселесі қарастырылады. Бұл проблема психологиялық-педагогикалық ғылымның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Мақаланың мақсаты - мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауын дамыту құралы ретінде дивергентті есептерді қолданудың тиімділігін негіздеу және оларды психологиялық-педагогикалық процесске енгізу бойынша практикалық ұсыныстар ұсыну болып табылады. Қоғамда болып жатқан динамикалық өзгерістер күн сайын жас ұрпақтың зияткерлік дамуына қойылатын талаптарды арттырады. Бүгінгі таңда терең кәсіби білімі бар ғана емес, сонымен қатар ойлаудың икемділігімен және қойылған міндеттерді шешуге шығармашылық көзқарасымен ерекшеленетін мамандар сұранысқа ие. Егер университет түлегі ерте жастан бастап шығармашылық ойлауға үйретілсе, көрсетілген көрсеткіштерге ие болады. Демек, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауын дамыту проблемасының өзектілігі күмән тудырмайды. Біздің зерттеуіміздің жаңалығы мектеп жасына дейінгі балаларды түсіну мен қабылдауға қол жетімді шығармашылық ойлауды дамытуда дивергентті тапсырмаларды қолдану болып табылады. Мақалада балаларды оқытуда дивергентті тапсырмаларды қолдану мысалдары келтірілген, олар іс жүзінде мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауын дамытудағы тиімділігін растады. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда дивергентті тапсырмаларды мақсатты әрі жүйелі қолдану, балалардағы шығармашылық идеялардың көрінісін табу олардың шығармашылық ойлауының мақсатты дамуын ынталандырады. Жүргізілген зерттеу психологиялық-педагогикалық идеялардың қоржынын толықтыруға ықпал етеді, ал авторлар ұсынған дивергентті тапсырмаларды педагог-психологтар, тәрбиешілер практикада қолдана алады.

Негізгі сөздер: мектепке дейінгі жас, мектепке дейінгі білім беру ұйымы, шығармашылық ойлау, дамыту, оңтайлы жағдай, дивергентті тапсырма.

Кіріспе

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру жүйесі жаһандық міндетке - тұлғаның интеллектуалды дамуына бағынады. Үнемі өсіп келе жатқан ақпарат ағыны таным процесінде қызығушылықтың негізінде балалардың ойлау қабілеттерін дамытуға ерекше назар аударуды қажет етеді. Бүгінгі таңда замануи тұлғаны дамытуға қойылатын талаптар артып келеді, ол икемді, өнімді және шығармашылық ойлауға, өмір алға қойған күрделі міндеттерді шешу үшін дамыған белсенді қиялға ие болуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлауын дамыту, өздеріңіз білетіндей, мектепте тиімді оқудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Білім беруді модернизациялау жағдайында шығармашылық ойлауды дамыту бірінші орынға шығады, өйткені қазіргі қоғамға өзіндік идеяларды шығара алатын және оларды іске асыра алатын, күнделікті өмір талап ететін күрделі және проблемалық жағдайлардан сындарлы шығуды тез таба алатын адамдар қажет.

Көптеген онжылдықтар бойы психологтар мен педагогтердің отандық білім беру бағдарламаларының дәстүрлеріне сәйкес күш-жігері негізінен конвергентті мәселелерді шешудің әдістемелік тәсілдерін жасауға бағытталды.

Конвергентті ойлау – бұл логика мен білімді пайдаланып, мүмкін шешімдер санын тарылту, яғни бір («дұрыс») шешімге жету қабілеті.

Алайда, өмір адамға әр түрлі міндеттер қоятыны белгілі, яғни дұрыс жауаптардың көптеген нұсқалары және сәйкесінше әртүрлі шешімдер бар.

Неліктен дивергентті ойлауды дамыту мәселесі өзекті? Дәстүрлі оқытуда дивергентті типтегі тапсырмалар өте сирек кездеседі, ал мұндай тапсырмаларды қолдану кезінде ойлаудың креативтілігін дамыту тиімділігі өте жоғары, өйткені тапсырмалардың жауаптары мен шешімдерінің көп өзгергіштігі баланың шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасайды, оған еркін, икемділік пен ерекше ойлауға мүмкіндік береді.

«Дивергенция» (лат. *divergere* – әр жаққа таралу) – ойдың бір ғана дұрыс жауапқа емес, бірнеше мүмкін шешімге бағытталуы, яғни ойлау икемділігі мен баламалы нұсқаларды көру қабілеті. Бұл – шығармашылық ойлаудың негізгі компоненттерінің бірі. Конвергенттік ойлау «бір дұрыс жауапты» іздесе, дивергентті ойлау көптеген идея тудырады, әдеттен тыс шешімдер ұсынады. Олай болса, «дивергенттік ұғымы» – ойлаудың бір қасиетін білдіреді. Ол адамның ойлау әрекетін белгісіз жағдайларда ұйымдастыра білу қабілетін, яғни стандартты емес, икемді ойлау тәсілдерін қолдана отырып, мәселелерді шешуді меңзейді. Психология мен педагогикада дивергентті ойлауды қалыптастыруға ықпал ететін бірқатар тұжырымдамалар жасалған. Енді солардың кейбіріне тоқталайық.

Л. А. Венгер мен А. Л. Венгер мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік дамуының маңызды міндеттерінің бірі – ойлауды, соның ішінде дивергентті ойлауды қалыптастыру екенін атап көрсетеді [1]. Дивергентті ойлау – бір проблемаға немесе тапсырмаға мүмкін болатын ең көп шешімдерді табуға көмектесетін шығармашылық ашу әдісі.

С. В. Кукалев мектеп жасына дейінгі балаларда дивергентті ойлауды қалыптастыру барысында бірлескен әрекеттер әдісін (яғни «бірге шығармашылық жасау» тәсілін) қолданудың жақсы нәтиже беретінін атап көрсетеді [2].

Е.Ф. Мазанюк [3]. Классикалық еңбектерде Л.С Выготский [4]., О.М.Дьяченко [5]. Сондай-ақ қазіргі зерттеулерде Кочукова, О.Н. [6] пікірлерінше балалардағы дивергентті ойлау шығармашылыққа қызығушылығынан, дәстүрден тыс сұрақтар қоюға бейімділігінен, зерттеушілік белсенділігінен, тапсырмалардың шешімін өз бетінше іздеуге ұмтылысынан, түрлі іс-әрекет түрлерінде белгілі элементтерден жаңа комбинациялар құра білуінен көрінеді.

Д.Е. Ершова, баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда дәстүрден тыс бейнелеу өнері әрекетінің маңызды рөл атқаратыны атап көрсетеді [7].

Мектепке дейінгі жаста дивергенция қалай көрінеді? Балаларда дивергентті ойлау 3–6 жас аралығында зор қарқынмен дамиды. Олар заттарға, жағдайларға әртүрлі қырынан қарауға қабілетті, қиялы күшті, ойлау стереотиптері әлі қалыптаспаған. Дивергенция балалардың: еркін қиялын, шығармашылық ойлауын, мәселені бірнеше жолмен шешу қабілетін, ойлау икемділігін дамытады. Ендеше, дивергенция мақсатқа жетуде табандылықты қамтамасыз ететін жоспарлау, болжау дағдыларын анықтайды. Кез-келген түрдегі мәселелерге деген қызығушылық тұжырымдамаларды сындарлы меңгеру қабілетін дамытады, балаларға күрделі себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастарды түсінуге мүмкіндік береді.

Дивергентті тапсырма - көптеген дұрыс жауаптары бар тапсырма. Дәл осы ойлау түрі шығармашылық болып табылады. Ол қиялмен байланысты және көптеген түпнұсқа идеяларды тудыру құралы ретінде қызмет етеді. Дивергентті типтегі тапсырмалар кез-

келген пәндік бағытта қолданыла алады. Айта кету керек, мұның мысалын практикалық іс-әрекетте кездестіруге болады. Көбіне тапсырмада қойылған сұрақ біреу және дұрыс жауаптар саны одан көп болады. «Қалай дос таңдаймын? Болашақта кім боламын? Қандай да бір жағдайда қалай әрекет етемін?», осындай тапсырмаларды орындау үшін бірнеше шешу жолдарын саналы түрде іздеу қажет. Бұл әр түрлі бағыттағы ойлауды (дивергентті ойлау) ғалымдар шығармашылықтың негізі деп санайды. Осыны ескере отырып, тәрбиешілер шығармашылық ойлауды қалыптастырудың тиісті құралдарын таңдап, оны дамытуы керек, өйткені бұрынғы адамдар жаңа мыңжылдықтың білім беру парадигмасына сәйкес келмеуі мүмкін.

Дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан алғанда, мектеп жасына дейінгі балалардың ойлауын дамыту зерттеліп келгенімен, олардың шығармашылық ойлауын дамытуда дивергенттік тапсырмаларды қолдану мәселесі көп ашылып, өзектілігін көрсетпеген.

Зерттеу нысаны - мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау үдерісі.

Зерттеу пәні - Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауын дамытудағы дивергенттік тапсырмалардың мазмұны, түрлері және оларды қолдану ерекшеліктері.

Зерттеу болжамы: Егер мектеп жасына дейінгі балаларға жүйелі түрде арнайы ұйымдастырылған дивергенттік тапсырмалар (балама шешімдерді табу, ашық сұрақтар, шығармашылық қайта құрастыру ойындары және т.б.) ұсынылса, онда олардың шығармашылық ойлауының негізгі көрсеткіштері – идеялар саны (флюенттілік), ойдың икемділігі (флексибилділік), бірегейлік (оригиналдылық) және детализация деңгейі айтарлықтай жоғарылайды. Бір сөзбен айтқанда, дивергенттік тапсырмаларды мақсатты түрде қолдану шығармашылық ойлауды статистикалық тұрғыда сенімді деңгейде дамытады.

Соған сәйкес, біздің зерттеуіміздің мақсаты: дивергенттік тапсырмаларды қолдану нәтижесінің тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Теориялық негіздерін зерттеу: Дивергенттік ойлау және оның мектепке дейінгі балалардағы ерекшеліктерін теориялық тұрғыда қарастыру.

2. Дивергенттік тапсырмалардың педагогикалық мәні мен қолдану тәсілдерін талдау.

3. Дивергенттік тапсырмаларды қолдану әдістемесін әзірлеу: балаларға арналған ойын, көркем шығармашылық, зерттеушілік әрекет түріндегі арнайы тапсырмалар құру.

4. Эмпирикалық зерттеу жүргізу: Тәжірибелік топта дивергенттік тапсырмаларды қолдану арқылы шығармашылық ойлаудың өзгеру деңгейін салыстыру.

5. Нәтижелерді талдау және бағалау: Дивергенттік тапсырмаларды қолданудың тиімділігін анықтау, олардың шығармашылық ойлауға әсерін көрсету.

Біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негізін Э.Торранс [8], Д.Гилфорд [9], Х. Бэй, П.Лесеман, Х.Малдер, М.Морбек, Э.Кроссберген [10], Д.Б. Богоявленская, И.А. Сусоколова [11], О.М. Дьяченко, Н.Е. Веракса, А.М. Матюшкиннің [12] т.б. еңбектері құрады. Қарастырылған жеке тұлғаны дамыту контекстіндегі мектеп жасына дейінгі балаларда шығармашылық ойлауды дамыту тұжырымдамасының ғылыми деректері ескерілді.

Қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері қолданылды: теориялық талдау, дивергенттік ойлауды дамыту мәселесі бойынша зерттеулерді салыстыру және жалпылау, мектеп жасына дейінгі балалардың ойлауын зерттеудің әртүрлі әдістері, эксперимент. Алынған деректерді сандық өңдеу үшін зерттеудің математикалық-статистикалық әдістері қолданылды.

Зерттеудің сенімділігі теориялық ережелер мен тұжырымдар жиынтығының эксперименттік, психодиагностикалық зерттеудің нәтижелерімен расталады.

Практикалық маңыздылығы: авторлар әзірлеген дивергентті тапсырмалар бағдарламасын мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілері балалардың шығармашылық ойлауын дамытуда қолдана алады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауын дамытуда дивергенттік бағыттағы тапсырмаларды қолдану өте тиімді екенін тағы да айта кеткен дұрыс.

Ең алғаш дивергент ұғымын ойшыл Джой Гилфорд енгізген. Ол ойлаудың бұл түрі әр түрлі бағытта жүретінін зерттеп, бала дамуына оң әсерін тигізетінін атап көрсетті [10].

Дивергентті тапсырмалардың ерекшелігі, қойылған сұрақтың бір емес бірнеше дұрыс жауабы болады. Дивергентті тапсырмалар ойлаудың шығармашыл түріне жатады. Осындай тапсырмаларды орындау барысында балалардың бойында байланыстырып сөйлеу, өз ойларын еркін жеткізе білу және де шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Осындай қасиеттерімен бірге балалардың шығармашылық ойлауы дамиды.

Э.Торранс, Д.Гилфорд жүргізген шығармашылық зерттеулерде дивергентті ойлаудың мақсаты - зерттеу қызығушылығын дамыту, жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыратын жаңа қызмет түрлерін іздеуге бағыт-бағдар беруіне баса назар аударылды. Сонымен қатар, дивергенция алынған материалды бағалау, салыстыру, гипотеза құру, талдау және жіктеу қабілетін белсендіреді деген тұжырымдама жасаланды.

Голландиялық ғалымдар Х. Бэй, П. Лесеман, Х. Малдер, М. Морбек және Э. Кросберген шамамен бір жарым жыл ішінде үш-бес жас аралығындағы 107 балаға зерттеу жүргізді (Baі, Leseman, Moerbeek, Kroesbergen, Mulder, 2021). Зерттеушілер әр алты айда төрт, төрт жарым, бес және бес жарым жастағы балалардың әр түрлі ойлауын өлшеді. Алынған нәтижелер, бес пен алты жас аралығындағы балалар көбірек жаңа идеялар тудырды және бұл идеялар бес жасқа дейінгі балаларға қарағанда ерекше болғанын көрсетті. Пәнге бағытталған ақыл-ой операциялары өзіндік ерекшеліктің оң болжаушысы екендігін анықтады [8].

Т.Никкола, Ю.Реунамо және И.Руоконен (Nikkola, Reunamo, Ruokonen, 2020) балалардың шығармашылық ойлауы мен олардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік бағдарларының байланысын зерттеді [13].

М.Бенедек бастаған Грац Университетінің австриялық ғалымдары интеллект, шығармашылық және когнитивті бақылаудың байланысын зерттеу кезінде шығармашылық ойлаудың алдын-ала предикторларын зерттеді (Benedek, Fink, 2019). Интеллект пен креативтіліктің өзара байланысты конструкциялар екендігінің себебін ғалымдар екі процесте де атқарушы функциялардың жұмыс істейтіндігін көреді. Дәстүр бойынша, атқарушы функциялар зейінді бақылау, когнитивті тежелу, ингибиторлық бақылау, жұмыс жады және когнитивтілік сияқты негізгі танымдық функцияларды білдіретінін дәлелдеді [14].

Канадалық ғалымдар П.Л. дэ Шанталь мен Г.Марковиц өз зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі балаларда балама идеялар мен когнитивті тежелуді генерациялау қабілетін салыстырды (Markovits, de Chantal, 2020). Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілетіндегі екі фактордың әсері зерттелді: когнитивті тежелу және балама идеяларды бірлесіп құру қабілеті. Нәтижелер дұрыс пайымдау тежеу өлшемімен байланысты емес, керісінше балама идеяларды жасау қабілетімен байланысты екенін көрсетті. Ғалымдар дивергентті ойлаудың кейбір түрі логикалық ойлау қабілетінің негізінде жатыр деп болжауға болады деген шешімге келді. Өз кезегінде, мұндай тұжырым жас балаларда дедуктивті ойлауды дамытудың жаңа бағытын көрсетті [15].

М.Рунко мен С. Ачар шығармашылық ойлауды дивергентке ұқсату дұрыс емес және бұл қалыптасқан парадигманы қайта қарау керек деп санайды (Acar, Runko, 2019). Олардың пікірінше, дивергентті ойлау көбінесе өзіндік ерекшелікке әкеледі, ал өзіндік ерекшелік шығармашылықтың басты ерекшелігі болып табылады. Сонымен бірге, біреу

дивергентті ойлау тестін жақсы тапсыра алса да, бірақ өзін шығармашылық іс-әрекетте көрсете алмайтынын атап өтті [16].

Теориялық және педагогикалық тәжірибені талдау көрсеткендей, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәжірибесіне шығармашылық тапсырмаларды әзірлеу және енгізу жүйелі емес. А.М. Матюшкиннің ойы бойынша, олар негізінен қарапайым балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда емес, дарынды балалармен жұмыс жасауда қолданылады. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін барлық мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дивергентті тапсырмаларды пайдаланудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталған жоқ. Алайда, бүгінгі таңда іс жүзінде мұндай тапсырмалар жекеменшік дамыту орталықтарында қолданылады. Көбіне дивергентті тапсырмалар баланың шығармашылық ойлауының процестерін дамыту және жетілдіру үшін логикалық кіріспе ретінде қызмет етеді.

Өздеріңіз білетіндей, конвергентті ойлау - бұл дәйекті, логикалық, бір бағытты ойлау.

А.И. Савенков атап өткендей, ойлаудың бұл түрі шығармашылықпен салыстырғанда қарапайым болып саналады, бірақ баланың оқуын қалыптастырудағы маңыздылығы төмендемейді. Осы міндеттерді шешу барысында қалыптасқан зияткерлік дағдылар жалпы, әмбебап сипатқа ие болады [17].

Баланың ойлау қабілетін дамыту процесінде конвергентті тапсырмалар қарапайым тапсырмалармен бірдей рөл атқарады, олар жалпы тапсырмаларды шешу қабілетін қалыптастырады.

Әдетте, балабақшада конвергентті тапсырмалар қарастырылады. Белгілі бір шарты, қатаң шешім алгоритмі және негізінен конвергентті ойлауды дамытуға арналған жалғыз дұрыс жауабы бар тапсырмалар болып табылады.

Математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, құрастыру, жапсыру тек абстрактілі, тұжырымдамалық, алгоритмдік және т.б. ойлауды ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты дамытуда үлкен мүмкіндіктерге ие. Ғасырлар бойы педагогикалық практика барысында жинақталған және тексерілген көптеген математикалық есептер үнемі ойлаудың барлық түрлерін, соның ішінде шығармашылықты дамыту құралы ретінде қызмет етеді. Мысалы, математикалық есеп - бұл танымдық, іздеу, эвристикалық, шығармашылық процестің бастауы. Ол ойды оятады, ойлауды қоздырады және ойлау қабілетін дамытады. Мысалы: шығармашылық есеп. Балаларға 3 таяқшаға қосылған 1 таяқша тең болады өрнегі беріледі. Балалар сол өрнекті шығармашылықпен ауызша есепке айналдырады (Бұтақта 3 торғай қонақтап отыр еді оған тағы бір торғай ұшып келіп қосылды, сонда неше торғай болады?) және т.с.с.

Балаларда ойлаудың дивергентті және конвергентті түрлерін де дамыту қажет. Тұрмыстық деңгейде де проблемаға тап болған кезде, әр түрлі ойлауы бар адам шешімдердің бірнеше нұсқасы болуы мүмкін деген түбегейлі болжамнан туындайды.

Жоғарыда жасалынған теориялық талдауға негізделіп, біз дивергентті тапсырмалар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауын балабақша базасында дамытуға тырыстық. Эксперименталды зерттеу Астана қаласының №3 «Күншуақ» балабақшасында өткізілді. Зерттеуді 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында бастап, 2024 жылдың мамырында аяқтадық. Экспериментке ересек тобының балалары қатысты. 2023-2024 оқу жылында осы балалармен (мектепалды тобы) жұмысты жалғастырдық. Жоғарыда айтылғандай, балалардың шығармашылық ойлауын дамыту мақсатында дивергентті тапсырмалар бағдарламасын құрастырдық. Ол бағдарламаға тәжірибеде қолданылып жүрген және авторлық тапсырмалар енді.

Көрнекті психолог О.М.Дьяченко дивергенттік тапсырма жауаптарының негізгі ерекшеліктерін атап көрсеткен. Олар: шапшаңдық, түпнұсқалық, қорытындылау [5, 17-22].

Осы ерекшеліктер бағдарламаға кірген дивергентті тапсырмалардың тиімділігінің критеріі ретінде негізге алынды.

Бірінші ерекшелік, дивергенттік тапсырма барысында берілген сұраққа неғұрлым, жылдам, шапшаң жауап бергенін көздейді. Жауап санының көптігі де маңызды. Мектеп жасына дейінгі баланың ой-әрекетінің дамуын тілмен жеткізуде жұмбақтың алатын орны ерекше. Сондықтан дивергентті тапсырмалар бағдарламасына жұмбақтар енгізілді. Балаларға жұмбақтап берілген заттың ұқсайтын және ұқсамайтын тек өзіне ғана тән белгілері атап, көрсетілді. Балалар осы белгілерін салыстыра отырып, жұмбақтың шешуін тез табуы маңызды деп ескертілді. Сонымен қатар, сұрақтардың жауабын дәлелді түрде балалар тілдік қабілеттеріне сүйене отырып айтып беру көзделді. Жұмбақ баланың өзінің сұрақ қоюына жағдай жасап ұсынылды. Балалар сызбаға немесе суретке қарай отырып, сұрақтарды түрлендіріп қойды. Яғни педагог ретінде баланың өз ойын тілмен жеткізуіне жағдай жасалынды. Мысалы, тапсырма: «Не екенін тап!» Бұл тапсырмада балалар педагогке белгілі ережеге сай сұрақтарды қоя отырып, жасырынған затты табады. 1-сұрақ (тәрелке суреті): ол тағам ба?, жеміс пе?, көгөніс пе? 2-сұрақ (тастың суреті): Ол қатты ма, жұмсақ па?, 3-сұрақ (қазанның суреті): оны пісіріп жей ме? 4-сұрақ (акварель бояуының суреті) Балалар өз ойындағы затты анықтау үшін түсін сұрайды: оның түсі қоңыр ма?, ақ па? сары ма? немесе т.б.

Жұмбақтармен қатар қиялды дамытатын «Ертегілер еліне саяхат» атты тапсырмалар берілді. Тәрбиеші күн ара балаларға ертегілер еліне саяхат жасап, оның тұрғындарына көмектесуді немесе сыйлық жасауды ұсынып отырды. Мысалы, кірпіге сиқыршы сиқырлап тастаған достарын тауып беруге көмектес деген міндет балалардың алдына қойылды. Бұл тапсырманы орындау үшін балалар видеокөріністі қарайды. Қап-қараңғы орманда кірпі майшамның көмегімен өзінің достарын іздеп жүреді. Балалар кірпіге көмектесе отырып, сиқырлы ормандағы майшамның түскен жарығына қарап, өз қиялдарына ерік береді, бірнеше мүмкін болатын жауаптарын ұсынады. Яғни бір майшамның судағы ізін әр бала өз қиял шығармашылығына сүйене отырып, әр түрлі аң бейнесіне ұқсатады. Майшамның көмегімен ұсынылған бір ғана сұраққа балалар қызығушылық танытып, шапшаң түрде жауап береді.

О.М. Дьяченконың пікірінше, дивергенттік тапсырма жауаптарының ерекшеліктерінің келесі түрі ол – түпнұсқалық. Дивергенттік тапсырмалар шығармашылықпен қатар баланың сөйлеу тілін дамытатындығын ескере келе, ұйымдастырылған ойын барысындағы тапсырмаларды шығармашылыққа негіздеген дұрыс. Г.С.Турсунгожинова мен Ж.М. Наурызбаеваның пікірінше, шығармашылық балаларға қуаныш сыйлап, қиялдай отырып, өз ойын тілмен еркін жеткізуіне мүмкіндік береді [18]. Бұл жерде танымдық мотивациясын ынталандыруда, шығармашылық ойлауын дамытуда балалармен диалогтық қатынас ұйымдастырғанды тиімді деп санадық. Сол себептен, балалардың шығармашылық ойлауын және тілін дамытуда қуыршақ, көлеңке, үстел-үсті, саусақ, орамал театры көп қолданылды. Балаларға әдеби шығармалар негізінде рөлдерге бөліп сахналау ұсынылды. Мысалы, орамал театры баланы қызықтыратындай ашық және қанық көрнекіленген театр түрі. Бала орамал театры кезінде бетпердені мойнына іліп алып, рольге енеді.

Театрланған қойылымдарды қою балаларға ертегі кейіпкерлерінің сөзін жаттауды қажет етеді. Ертегілердің мазмұнын, кейіпкерлердің сөздерін есте сақтау балалардың сөздік қорын молайтады, байланыстырып сөйлеуге машықтандырады, басқа жағдайларда сол сөздер мен сөйлемдерді қолдануға мүмкіндік береді. Сахналау барысында кейіпкердің образын бейнелеу шығармашылық қабілеттерін дамытудың алдыңғы .

Дивергенттік тапсырма жауаптарының келесі ерекшелігі - қорытындылау. Бұл көрсеткіш те диалог барысында қалыптасады және көрінеді. Сондықтан сюжетті-рөлді ойындар, драматизация ойындары, көркем шығармаларды сахналау, әңгімелесу, сөздік-

дидактикалық ойындар тиімді болып табылатына сенімді болдық. Аталған тапсырмаларды мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық ойлауын дамытатын дивергентті тапсырмаларды қолдануға дейінгі кезеңде пайдалансақ, ендігі кезектегі тапсырмаларды нақтылы дивергенттік ойлауға негіздеп, балалардың ой икемділігін дамытуда ерекшелігін ашуда келесі тапсырмаларды тест ретінде қолданып көрдік. Негізгі критерилері: шапшаңдық, түпнұсқалық, қорытындылау болды.

Мысал ретінде «Қажет сөзді тап» тапсырмасын шапшаңдыққа негіздеп қарастырдық. Тапсырманы орындау мақсаты: сурет бойынша екі қонжық туралы әңгімені мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға дұрыс сөздерді тауып, жауап айту.

Барысы: «Бірде таң атысымен Томпақ пен Мамық орманға серуендеп баруға шешім қабылдады. Екеуі орманда кімдер тұратынын, жақын маңда балық аулайтын өзен бар ма екен деп білгісі келді. Томпақ үйден «Ш» дыбысынан басталатын затты алды. Қандай затты алыпты? Балалардың жауаптары: (балықты салу үшін - шелек, балықты пісіріп сорпадан сүзу үшін - шолпы, жеу үшін шанышқы жәнәе т.б.). Ал Мамық «Қ» дыбысынан басталатын затты алыпты. Балалардың жауаптары: қармақ, балық аулайтын құрт, балықтың сорпасын ішу үшін – қасық, бастарына кию үшін – қалпақ. Көкте күн шықты. Қонжықтар жолға шықты. Олар жолда келе жатып, шөптің арасынан «Қ» дыбысынан басталатын жан-жануарларларды көрді. Қалай ойлайсыздар олар нелерді көрді? Балалардың жауаптары: қасқырды, құрбақаны, қырықаяқты, қарғаны, қабанды, құтанды, қоңызды көрді. Қонжықтар олармен амандасып, ары қарай жүрді. Сөйтіп, өзенге жетіп, балық аулай бастады. Бірінші «Ш» дыбысынан басталатын үлкен балық аулады, ол қандай балық деп ойлайсындар? Балалардың жауабы: шортан. Содан соң «Ш» дыбысынан басталатын кіші балық ұстады? Балалардың жауабы: шабақ. Сөйтіп қонжықтар үйлеріне келіп, дәмді тағамдармен тамақтанды. Бірінші тағамдары «Б» дыбысынан басталды. Қандай тағамдар екен? Балалардың жауабы: балық, банан, ботқа, бәліш, бауырсақ, бал. Екінші өздерінің сүйікті «Т» дыбысынан басталатын бүлдіргенін жеді, ол не? Балалардың жауабы: таңқурай жеді. Содан соң қонжықтар ойнауды жөн көріп, ойыншықтарын алды: Томпақ үлкен, дөңгелек пішінді «Д» дыбысынан басталатын ойыншықтар алды, ал Мамық «Қ» дыбысынан басталатын ойыншықтар алды. Олар қандай ойыншықтар екен? Балалардың жауаптары: доп, домино, дүрбі және қуыршақ, қайық, құртақан.

Тапсырманың соңында балаларға сұрақтар қойылып отырды. Қонжықтар неліктен таңқурайды жақсы көреді? Олар неге таза ауада ойнауды ұнатады? Денсаулық мықты болу үшін балалар қандай тағамдар жеу керек? Бұл сұрақтардың да балалар бірнеше нұсқаларын ұсынып отырды.

Осындай суретпен жұмыс жасау барысында балалар аталған дыбысқа сөз тауып, сөздік қорларын молайтады, дыбыстарды анық айтуға, ажыратуға үйренеді, әңгімені зейін қойып тыңдап, қабылдауға үйренеді, ал сұрақтар шығармашылық ойлауын дамытады, себеп-салдарды анықтауға, қорытынды жасауға итермелейді.

Келесі тапсырма түпнұсқалық критерий негізінде жүзеге асты. «Суретші борсық» ойын түрінде ұйымдастырылды. Ойынның мақсаты: өз шығармашылықтарынан суретті толықтыру арқылы балалардың шығармашылық ойлауын дамыту.

Барысы: Борсық табиғатты тамашалап, сурет салады. Ол суретін салып болған соң, оны тағы немен толықтырсам деп ойланады. Сендер осы суретті немен толықтырар едіңдер? Неліктен?

Эксперимент барысында бұл ойынды апта сайын түрлендіріп ұйымдастырдық: борсық салған суреттің мазмұнын үнемі өзгертіп, суреттегі заттардың немесе жануарлардың орындарын шатастырған жағдайда, балалар оған көмектесіп отырды. Балалардың қызығушылығын ынталандыру және білімдерін кеңейту мақсатымен борсық кейде жапсыру, мүсіндеу, киіз басу, алаша тоқу, тамақ әзірлеу, үйді жинаумен ж.т.б. айналысатын.

Келесі алынған тапсырма түрі: Тапсырмалар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына [19], балалардың жас ерекшеліктеріне, алған білімдеріне, сөйлеу тілінің деңгейіне негізделіп құрастырылды, баланың жан-жақты дамуына, сонымен қатар, шығармашылық ойлауының дамуына мүмкіндік туғызды.

Келесі тапсырма қорытынды критеріне сәйкес: «Дүкенші» сюжетті-ойыны арқылы анықталды. Мақсаты: балалардың қиялын, шығармашылығын, сұраққа нақтылы жауап беру дағдыларын дамыту.

Барысы: Балалар дүкендегі сатылатын тауарды сатып алу үшін оның сипатын жасайды. Ол үшін балаларға үш түсті карточка таратылды. Қызыл түсті карточка арқылы – Бұл не? - деген сұраққа жауап беріп дүкеншіге төлем ретінде берді. Көк түсті карточка арқылы - Ол қандай? – деген сұраққа жауап беріп төлем жасады. Сары түсті карточкамен – Ол не істейді? – деген сұрақтарға жауап беріп, қалаған заттарын сатып алды. (Мысалы балалар жауаптарынан: тауар: ойыншық-машина. Бұл не? – бұл: машина, ойыншық, джип. Ол қандай? – ол үлкен, көк. Ол не істейді? – ол жүреді, дүрілдейді, бипілдейді.

Нәтижесінде балаларда біртіндеп конвергентті ойлау дағдыларының дивергентті ойлау дағдыларына қарай ауысу көрсеткіштерін байқадық.

Кесте 1

Критерилері	Шапшандық		Түпнұсқалық		Қорытынды	
	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
Эксперименттік топ						
Жоғары деңгей	15%	40%	20%	45%	5%	35%
Орта деңгей	55%	55%	40%	50%	30%	60%
Төмен деңгей	30%	5%	40%	5%	65%	5%

Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Осындай бағытта ұйымдастырылған дивергентті тапсырмалар мен ойындар баланың сөйлеу тілінің дамуына, қиял-шығармашылығына, креативті ойлауына ықпал етті. Нәтижесінде шығармашылық ойлауы дамыған балалар, кез-келген жағдайда, өз ойын тілмен еркін жеткізуде, ойын қорытындылап дәлелді тұжырым жасауда, нақты идеялар ұсынуда жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі білім беру жағдайын дамытудың сипаттамаларының бірі - оның субъектілерінің тиімді зияткерлік қызметке қабілеттілігін дамыту. Интеллектуалды мәдениет неғұрлым ерте қалыптасса, білім беру процесі соғұрлым оңай және нәтижелі жүретіні, тұлға үйлесімді дамитыны дәлелденді.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі талаптары, ең алдымен, ауызша түсіндіру арқылы логикалық ойлауды дамытуға бағытталған. Бұл оқу процесінің балалардың ойлауын дамыту тәсілдеріне қойылатын мазмұнды, технологиялық, әдістемелік талаптардың жаңа деңгейін іздеуді қажет етеді.

Қоғамда дүрбелең өзгерістер орын алуда. Адам оларға барабар жауап беруге мәжбүр, сондықтан оның шығармашылық әлеуетін жандандыруы керек. Сондықтан ойлауды дамыту мәселелерін тек мектеп пен жоғары оқу орындары ғана емес, сонымен бірге барлық психикалық функциялардың қалыптасуы басталатын мектепке дейінгі мекемелер де шешуі керек.

Білім беруді ізгілендіру және демократияландыру жеке тұлғаға бағытталған оқытуды бірінші орынға қояды, онда баланың жеке басы, оның құндылығы маңызды орын алады. Әр баланың субъективті тәжірибесі ашылады және ондағы білім мазмұнына сәйкес келеді.

Ойлау психологиясы және оның орталық білімі - шығармашылық психологиясы іргелі және қолданбалы зерттеулердің маңызды бөлігін құрайды, олардың маңыздылығы қазіргі ғылымда айтарлықтай жоғары.

Барған сайын өзектілікке ие болып, шығармашылық қызметтің сәттілігін анықтайтын ерекше проблема - мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-білім беру іс-әрекетінде шығармашылық ойлауды дамыту.

Қазіргі заманғы балалар білім беру мекемесі жағдайында шығармашылық ойлау тұжырымдамасына және оның нақты формалары мен функцияларын талдауға жүгінбестен бұл мәселені зерттеу мүмкін емес.

Алынған интеллектуалды іздеу дағдылары әртүрлі салалардағы, өмірдегі көптеген мәселелерді шешу үшін қажет болады. ХХІ ғасырдың аяғында педагогиканың мақсаты балалардың жалпы дамуы емес, әр нақты баланың шығармашылық әлеуетін ашу болады. Дивергенттік тапсырмалар бұған лайықты қызмет ете алады.

Алайда, жұмыс тәжірибесінде шығармашылық мәселелерді толыққанды құрастыру және шешу негізінен дарынды балалармен қолданылады, ал әдеттегі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту көбіне назардан тыс қалады. Себебі, бүгінгі таңда барлық балалар үшін мектепке дейінгі оқытуда осы жұмыс түрін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттары әлі анықталған жоқ.

Өзгерген жағдайларда ойлауды қалыптастырудың бұрынғы құралдары оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде мектеп жасына дейінгі баланың жеке басына оңтайлы, ойдағыдай қызмет етпейді. Қазіргі уақытта осы салада келесі қарама-қайшылықтар анықталды:

- жоғары деңгейдегі интеллектуалды қабілеттерді қалыптастыру қажеттілігі мен мектеп жасына дейінгі балаларда осы қабілеттердің төмен деңгейінің болуы;

- дараландыру, оқытудың жоғарылаған талаптары, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының даму ерекшеліктері және шығармашылық ойлаудың қалыптасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдердің, дивергентті тапсырмалардың жүйесі болмауы.

Зерттеу нәтижелерін жалпылау осы зерттеудің болжамын қолдап, шығармашылық ойлаудың күрделі психологиялық құбылыс ретінде әрекет ететінін көрсетті. Оның негізгі дамытушы факторы - дивергентті тапсырмалар екені айқындалды. Шығармашылық ойлауды дамыту процесі баланың сөйлеу деңгейімен өзара байланысы дәлелденді.

Қорытынды

Дивергентті тапсырмалар мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауы мен сөйлеуін дамытуда маңызды рөл атқарады:

1. Шығармашылық ойлауды ынталандырады. Дивергентті тапсырмалар кәдімгі тапсырмаларға қарағанда мәселені шешудің балама әдістерін (альтернативаны) қолдануға бағытталады. Мектеп жасына дейінгі балалар әдеттегідей ғана емес, барлық іс-әрекеттерді қарастырып, шығармашылық ойлауын дамытады. Бұл балама нұсқаларды іздеуді және жаңа идеяларды сынап көруді үйренетінін білдіреді.

2. Жаңа идеяларды қалыптастыру дағдыларын дамытады. Дивергентті тапсырмаларды шешу барысында балалар әртүрлі идеяларды құруды және оларды әртүрлі көзқарастардан қарастыруды үйренеді. Бұл шығармашылықтың дамуына және көп нұсқалы ойлау қабілетіне ықпал етеді.

3. Тілдік дағдыларды қалыптастырады. Дивергентті тапсырмалар көбінесе өз ойларын негіздеуді және түсіндіруді қажет ететіндіктен, олар мектеп жасына дейінгі балалардың өз ойларын ауызша жеткізе білуін дамытуға ықпал етеді. Бұл сөйлеу дағдылары мен тілдік сауаттылықты дамыту үшін маңызды.

4. Тәуелсіздік пен өзін-өзі қалыпты бағалауды қалыптастырады. Дивергентті тапсырмалар балаларды өз қабілеттеріне сенуге және өз нәтижелерін бағалауды үйренуге шақырады. Бұл процесс өзіне деген сенімділік пен өзін-өзі дамытуға мотивацияны қалыптастыруға көмектеседі.

5. Қателіктерді оқу процесінің маңызды бөлігі ретінде қабылдауды үйретеді. Дивергентті тапсырмалар көбінесе белгісіздік элементтерін және қателіктер мүмкіндігін қамтиды. Бұл балаларды қателіктерді оқу процесінің табиғи бөлігі ретінде көруге және олардан тәжірибе алуға үйретеді, бұл сәтсіздікке төзімділік пен қиындықтарды жеңу қабілетін дамыту үшін маңызды болып табылады.

Осылайша, дивергентті тапсырмалар балалардың белсенді шығармашылық ойлаудың дамуына ғана емес, сонымен қатар болашақта табысты оқу және бейімделу үшін қажетті маңызды әлеуметтік және эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Венгер, Л. А. Домашняя школа мышления / Л. А. Венгер, А. Л. Венгер. — Москва: Дрофа, 2014. — 400 с.
- 2 Кукалев, С. В. Правила творческого мышления, или Тайные пружины ТРИЗ: учебное пособие. — Москва: Инфра-М. - 2014. — 416 с.
- 3 Мазанюк, Е.Ф. Теоретико-методологические аспекты исследования креативности и личностных характеристик детей старшего дошкольного возраста. Проблемы современного педагогического образования. – 2022 - №75/2.- С. 207–210.
- 4 Выготский, Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: Психологический очерк. Москва: Изд-во «Перспектива». – 2020.
- 5 Дьяченко, О.М. . Развитие воображения дошкольника. Методическое пособие для воспитателей и родителей. Москва: Изд-во «МОЗАИКА-СИНТЕЗ».-2008. - 157 с.
- 6 Кочукова, О.Н. Философские основания дивергентного мышления. Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. - 2023.- 28(6). С. 1400–1411.
- 7 Д.Е. Ершова. Использование нетрадиционных техник изобразительной деятельности в контексте развития детской творческой самостоятельности. Ученые записки Забайкальского государственного университета. – 2025. - 20(2).16–24. <https://doi.org/10.21209/2658-7114-2025-20-2-16-24>
- 8 Bai, H., Leseman, P.P.M., Moerbeek, M., Kroesbergen, E.H., Mulder, H. Serial Order Effect in Divergent Thinking in Five – to Six-Year-Olds: Individual Differences as Related to Executive Functions. J. Intell, Apr 2. Vol.9(2). 2020.20 p.
- 9 Torrance E.P. Scientific views of creativity and factors affecting its growth. Daedalus. Creativity and Learning. Vol. 94. No. 3. 1965. P. 663-681.
- 10 Guilford J. Creative abilities in the arts. Psychological Review. Vol. 64 (2). 1957. P. 110–118.
- 11 Богоявленская Д.Б., Сусоколова И.А. К вопросу о дивергентном мышлении. Психологическая наука и образование. – Том 11. № 1. – 2006. – С. 85–96.
- 12 Матюшкин А.М. Мышление. Обучение. Творчество: Монография: МОДЭК. - 2003. – 720 с.
- 13 Nikkola T., Reunamo J., Ruokonen I. Children’s creative thinking abilities and social orientations in Finnish early childhood education and care. Early Child Development and Care. Vol 192 (6). 2020. P. 872–876.
- 14 Benedek M., Fink A. Toward a neurocognitive framework of creative cognition: the role of memory, attention, and cognitive control. Current Opinion in Behavioral Sciences. Vol 27. 2019. P. 116–122.
- 15 Markovits H., de Chantal P.L. The Semantic Retrieval Model and Divergent Thinking as Critical to Understanding Logical Reasoning in Children. In: Critical Thinking and Reasoning. 2020. P. 81–98.
- 16 Acar S., Runco M. Divergent thinking: New methods, recent research, and extended theory. Psychology of Aesthetics, Creativity, and the Arts. Vol 13. 2019. P. 153–158.
- 17 Савенков А.И. Развитие творческого мышления. 5-6 лет. Комплект в 2 частях. Ч.1, Ч.2: Корпорация Федоров. – 2010. – 40 с.
- 18 Турсунгожинова Г.С., Наурызбаева Ж.М. Развитие творческих способностей детей младшего школьного возраста. Вестник КазНУ. Психологическая и социологическая серии. – 2014.- №4 (51). – С. 94-106.
- 19 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген. – 121 б.

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ С ПОМОЩЬЮ ДИВЕРГЕНТНЫХ ЗАДАЧ

Аннотация

В статье рассматривается проблема развития творческого мышления детей дошкольного возраста с помощью дивергентных задач. Данная проблема является одной из актуальных проблем психолого-педагогической науки. Цель статьи - обосновать эффективность использования дивергентных задач как инструмента развития творческого мышления у детей дошкольного возраста и предложить практические рекомендации по их внедрению в психолого-педагогический процесс. Динамичные изменения, происходящие в обществе, с каждым днем повышают требования к интеллектуальному развитию подрастающего поколения. Сегодня востребованы специалисты, которые имеют не только глубокие профессиональные знания, но и отличаются гибкостью мышления и творческим подходом к решению поставленных задач. Выпускник вуза будет обладать указанными показателями, если с раннего детства его научить творчески думать. Отсюда, актуальность проблемы развития творческого мышления дошкольников не вызывает сомнения. Новизна нашего исследования заключается в использовании дивергентных задач в развитии творческого мышления, доступных пониманию и восприятию детей дошкольного возраста. В статье приведены примеры использования дивергентных задач в обучении детей, которые на практике подтвердили свою эффективность в развитии у дошкольников творческого мышления. Целенаправленное и планомерное использование в работе с детьми дошкольного возраста дивергентных задач и поощрение проявления творческих идей у малышей стимулирует целенаправленное развитие их творческого мышления. Проведенное исследование способствует пополнению копилки психолого-педагогических идей, а предложенные авторами дивергентные задачи, могут быть использованы педагогами-психологами, воспитателями на практике.

Ключевые слова: дошкольный возраст, дошкольное образовательное учреждение, творческое мышление, развитие, благоприятные условия, дивергентная задача.

CHILDREN OF PRESCHOOL AGE THROUGH DIVERGENT TASKS DEVELOPMENT OF CREATIVE THINKING

Abstract

The article examines the development of creative thinking in preschool children through divergent tasks. This problem is one of the most urgent in psychological and pedagogical science. The purpose of the article is to substantiate the effectiveness of using divergent tasks as a tool for developing creative thinking in preschool children and to provide practical recommendations for their integration into the psycho-pedagogical process. The dynamic changes taking place in society increase the demands on the intellectual development of the younger generation every day. Today, specialists are in demand who not only possess deep professional knowledge but also demonstrate flexible thinking and a creative approach to problem-solving. A university graduate will have these indicators if he is taught to think creatively from early childhood. Hence, the relevance of developing creative thinking in preschoolers is beyond doubt. The novelty of our research lies in the use of divergent tasks to develop creative thinking, accessible to preschool children's understanding and perception. The article provides examples of divergent tasks in teaching children that, in practice, have proven effective in developing creative thinking in preschool children. The purposeful and systematic use of divergent tasks in working with preschool children and in encouraging toddlers to express creative ideas stimulates the development of their creative thinking. The conducted research contributes to replenishing the piggy bank of psychological and pedagogical ideas, and educational psychologists and educators can use the divergent tasks proposed by the authors in practice.

Keywords: preschool age, preschool educational institution, creative thinking, development, favorable conditions, divergent task.

REFERENCES

- 1 Venger, L. A., Venger, A. L. Domashnyaya shkola myshleniya. [Home School of Thought] Moskva: Drofa. – 2024. 400 p. [in Russian]
- 2 Kukalev, S. V. Pravila tvorcheskogo myshleniya, ili Tainye pruzhiny TRIZ: uchebnoe posobie. [The rules of creative thinking, or the secret springs of TRIZ] Moskva: Infra-M. 2014. 416 p. [in Russian]
- 3 Mazanyuk, E. F. Teoretiko-metodologicheskie aspekty issledovaniya kreativnosti i lichnostnykh kharakteristik detey starshego doshkol'nogo vozrasta. Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya. [Theoretical and methodological aspects of the study of creativity and personal characteristics of older preschool children. Problems of modern pedagogical education] (75-2). 2022. P. 207–210. [in Russian]

- 4 Vygotskiy, L. S. *Voobrazhenie i tvorchestvo v detskom vozraste: Psikhologicheskii ocherk*. Moskva: Izd-vo "Perspektiva". [Imagination and creativity in childhood: A psychological essay.] 2020. [in Russian]
- 5 D'yachenko, O. M. *Razvitie voobrazheniya doshkol'nika. Metodicheskoe posobie dlya vospitateley i roditeley*. [The development of a preschooler's imagination. Methodical manual for educators and parents] Moskva: Izd-vo "MOZAIKA-SINTEZ". 2008. 157 p. [in Russian]
- 6 Kochukova, O. N. *Filosofskie osnovaniya divergentnogo myshleniya*. Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya: Gumanitarnye nauki. [Philosophical foundations of divergent thinking]. Vol.28(6). 2023. P. 1400–1411. [in Russian]
- 7 Ershova, D. E. *Ispol'zovanie netraditsionnykh tekhnik izobrazitel'noy deyatel'nosti v kontekste razvitiya detskoy tvorcheskoy samostoyatel'nosti*. Uchenye zapiski Zabaikal'skogo gosudarstvennogo universiteta. [The use of non-traditional techniques of visual activity in the context of the development of children's creative independence]. 20(2).2025. P 16–24. <https://doi.org/10.21209/2658-7114-2025-20-2-16-24> [in Russian]
- 8 Bai, H., Leseman, P. P. M., Moerbeek, M., Kroesbergen, E. H., Mulder, H. *Serial Order Effect in Divergent Thinking in Five- to Six-Year-Olds: Individual Differences as Related to Executive Functions*. J. Intell, 9(2). 2021. 20 p. [in English]
- 9 Torrance, E. P. *Scientific views of creativity and factors affecting its growth*. Daedalus, Vol. 94. 1965. No. 3. P. 663–681. [in English]
- 10 Guilford, J. *Creative abilities in the arts*. Psychological Review. Vol. 64(2).1957. P. 110–118. [in English]
- 11 Bogoyavlenskaya, D. B., Susokolova, I. A. *K voprosu o divergentnom myshlenii*. Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie. [On the issue of divergent thinking. Psychological science and education.] 11(1). 2006. P. 85–96. [in Russian]
- 12 Matyushkin, A. M. *Myshlenie. Obuchenie. Tvorchestvo: Monografiya. MODEK*. [Thinking. Training. Creativity: Monograph: MODEK] 2003. 720 p. [in Russian]
- 13 Nikkola T., Reunamo J., Ruokonen I. *Children's creative thinking abilities and social orientations in Finnish early childhood education and care*. Early Child Development and Care. Vol 192(6).2020. P. 872–876. [in English]
- 14 Benedek, M., Fink, A. *Toward a neurocognitive framework of creative cognition: the role of memory, attention, and cognitive control*. Current Opinion in Behavioral Sciences. Vol. 27. 2019. P.116–122. [in English]
- 15 Markovits, H., de Chantal, P.-L. *The Semantic Retrieval Model and Divergent Thinking as Critical to Understanding Logical Reasoning in Children*. In: *Critical Thinking and Reasoning*. 2020. P. 81–98. [in English]
- 16 Acar, S., Runco, M. *Divergent thinking: New methods, recent research, and extended theory*. Psychology of Aesthetics, Creativity, and the Arts. Vol 13.2019. P. 153–158. [in English]
- 17 Savenkov, A. I. *Razvitie tvorcheskogo myshleniya*. 5–6 let. Komplekt v 2 chastyakh. Ch. 1, Ch. 2. Korporatsiya Fedorov. *The development of creative thinking. 5-6 years old. Set in 2 parts. Part 1, Part 2: Fedorov Corporation.*] 2010. 40 p. [in Russian]
- 18 Tursungozhinova, G. S., Nauryzbayeva, Zh. M. *Razvitie tvorcheskikh sposobnostey detey mladshogo shkol'nogo vozrasta*. Vestnik KazNU. Psikhologicheskaya i sotsiologicheskaya seriya. [Development of creative abilities of children of primary school age. KazNU Bulletin. Psychological and sociological series]. Vol. 4(51). 2014. P. 94–106.
- 19 *Mektepke deyingi tarbie men okytudyn ulgilik oku bagdarlamasy*. Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministrinin 2022 jylgy 14 qazan dagy №422 buyrygy men bekitilgen. [Standard curriculum of preschool education and training.] 2022. 121 p.

Information about authors:

Kargash Atymanova - **corresponding author**, candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, S.Amanzholov EKV, Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan

E-mail: kargash7@mail.ru

ORCID: <http://orcid.org/ord/0000-0002-3788-54-34>

Aigul Stybayeva - candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Deputy Director of the kindergarten «Karlygash» of the Medical Center of the Office of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: a.stybaieva@mail.ru

ORCID: <http://orcid.org/ord/0000-0001-6743-168X>

Gulshat Onlanbekkyzy - candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Director of the kindergarten «Karlygash» of the Medical Center of the Office of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: Gulshat.mo.73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-3433-1866>

Kuanyshtemirov - candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Pedagogy of L.N. Gumilev ENU, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: kuanysh_lion@mail.ru,

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7104-9483>

Информация об авторах:

Каргаш Атыманова - **основной автор**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогического менеджмента КГУ им. С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан

E-mail: kargash7@mail.ru

ORCID: <http://orcid.org/.ord/0000-0002-3788-54-34>

Айгүль Стыбаева – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, заместитель директора детского сада «Қарлығаш» Медицинского центра Управления делами Президента Республики Казахстан, г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: a.stybaieva@mail.ru

ORCID: <http://orcid.org/.ord/0000-0001-6743-168X>

Гүлшат Онланбекқызы - кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, директор детского сада «Қарлығаш» Медицинского центра Управления делами Президента Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: Gulshat.mo.73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-3433-1866>

Куаныш Теміров - кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: kuanysh_lion@mail.ru,

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7104-9483>

Авторлар туралы ақпарат:

Каргаш Атыманова - **негізгі автор**, педагогика ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы ШҚУ педагогикалық менеджмент кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kargash7@mail.ru,

ORCID: <http://orcid.org/.ord/0000-0002-3788-54-34>

Айгүл Стыбаева – педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасының директордың орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: a.stybaieva@mail.ru,

ORCID: <http://orcid.org/.ord/0000-0001-6743-168X>

Гүлшат Онланбекқызы - ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Gulshat.mo.73@mail.ru,

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-3433-1866>

Куаныш Теміров - педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ педагогика кафедрасының аға оқытушы, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kuanysh_lion@mail.ru,

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7104-9483>